

Алматы қаласы әкімдігінің жанынан Алматы қаласының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 5/989 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2006 жылғы 8 тамызда N 709 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 5/803 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.12.11 N 5/803 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда берілген - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 3/506 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі "Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" N 689 қаулысына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Күші жойылды

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 3/506 қаулысымен.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) комиссия туралы Ереже;
- 2) комиссия шешімінің үлгісі;
- 3) комиссия мәжілісі хаттамасының үлгісі;
- 4) жылжымайтын мүлікті жария етуге байланысты комиссияға келіп түскен өтініштерді есепке алу журналының үлгісі;
- 5) жылжымайтын мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттар тізілімінің үлгісі;
- 6) жылжымайтын мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттарды алғандығы туралы қолхаттың үлгісі бекітілсін.

3. Комиссия өз қызметінде комиссия туралы Ережені басшылыққа алады.

Комиссияның дербес құрамы жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітіледі.

5. Комиссияның орналасқан жері - Алматы қаласының тиісті аудан әкімі аппаратының ғимараты.

6. Комиссия демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Заңмен белгіленген мерзім шеңберінде барлық күндері жұмыс істейді.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары

7. Комиссияның негізгі міндеті жылжымайтын мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы шешім қабылдау болып табылады.

8. Комиссияның функциялары:

1) жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғаларының (бұдан әрі - жария ету субъектілері) өтініштерін уақтылы және сапалы қарауды қамтамасыз ету;

2) жария ету объектісі туралы мәліметтерді белгілеу;

3) құжаттардың мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынған мәліметтерге сәйкес келуін анықтау;

4) жария ету субъектісіне жылжымайтын мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы шешімдерді беру;

5) жария ету объектісі туралы мәліметтерді Заңға 3-қосымшаға сәйкес нысанда жария етілген мүлік тізіліміне енгізу болып табылады.

3. Комиссия жұмысының тәртібі

9. Комиссия жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған жария ету субъектілерінің өтініштерін белгіленген тәртіпте тіркейді.

Құжаттары қоса тіркелген өтініштерді комиссия хатшысы қабылдап алады. Өтініштер комиссияға келіп түскен жылжымайтын мүлікті жария ету жөніндегі өтініштерді тіркеу журналында (бұдан әрі - журнал) тіркеледі.

Құжаттары қоса тіркелген өтініштерді қабылдау кезінде мүлікті жергілікті мемлекеттік атқару органы бекіткен нысанда жария ету үшін берілген құжаттардың тізілімі жасалады.

Комиссия хатшысы өтінішті журналға тіркеп, оған нөмір қояды.

Комиссия хатшысы өтініштің екінші данасына өтініштің күні мен нөмірін және берілген құжаттар мен өтінішті алғандығы туралы қолын қоя отырып, өтініш білдірушіге қайтарады.

10. Жария ету мерзімінің ішінде берілген жылжымайтын мүлікті жария ету туралы өтініш тиісті комиссияға өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күнінің ішінде қаралуға тиіс.

11. Заңның 6-бабында және 11-бабының 1-тармағында көзделген құжаттарды алғаннан кейін комиссия:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 696 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу Ережелерінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша құжатты кері қайтару туралы;
- 2) жылжымайтын мүлікті жария етуден бас тарту туралы;
- 3) жылжымайтын мүлікті жария ету туралы.

Шешім әрбір жария ету объектісі бойынша жеке қабылданады және оған төраға, комиссия мүшелері және хатшы қол қояды.

Ескерту. 11 тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қазандағы N 7/1252 және 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 1/58 қаулыларымен.

12. Комиссияның хатшысы комиссия мәжілісінің хаттамасын жүргізеді және хаттамада көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап беретін комиссияның барлық мүшелері оған қол қояды.

13. Жергілікті атқарушы органдар мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысын қамтамасыз етеді.

14. Жылжымайтын мүлікті жария ету туралы ақпарат жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдарға жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешімнің көшірмесін жібере отырып, ұсынылады.

15. Жылжымайтын мүлікті әрі қарай ресімдеу туралы шешім шығарылғаннан кейін Комиссия шешімнің көшірмесін:

1) Жер қатынастары басқармасына жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжатты ресімдеу үшін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі "Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу Ережелерін бекіту туралы" N 696 қаулысының негізінде Алматы қаласының әкімдігімен құрылған қабылдау комиссиясына пайдалануға қабылдау актісін ресімдеу үшін;

3) "Алматы қаласы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық төлқұжатты ресімдеу үшін жібереді.

Ескерту. 15 тармақ жаңа редакцияда жазылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қазандағы N 7/1252 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 1/58 қаулысымен.

15-1. Осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген құжаттарды ресімдеу

аяқталғаннан кейін комиссия жария ету субъектісіне мәліметтерді жария етілген мүлік тізіліміне бір мезгілде енгізе отырып, жылжымайтын мүлікті жария ету туралы шешімді ресімделген құжаттармен бірге береді.

Ескерту. 15-1 тармақ Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қазандағы N 7/1252 қаулысымен енгізілді.

4. Комиссияның құқықтары

16. Комиссия өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша:

- 1) мемлекеттік органдар мен ұйымдар беретін жария етілетін жылжымайтын мүлік туралы қажетті ақпаратты сұратуға;
- 2) комиссияның құрамына кірмеген мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін тартуға;
- 3) жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған адамдардан түсініктеме алуға;
- 4) жылжымайтын мүлікті жария етуге өтініш жасаған жария ету субъектілері мүлкінің тиесілігін анықтауға;
- 5) жылжымайтын мүлікті жария ету не жария етуден бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

17. Комиссия Заңда белгіленген мүлікті жария ету мерзімі аяқталғаннан кейін өз қызметін тоқтатады.

Алматы қаласы әкімдігінің
2006 жылғы 3 тамыздағы
N 5/989 қаулысымен бекітілген

_____ ауданындағы
_____ жылжымайтын мүлікті
_____ жария ету туралы

Қазақстан Республикасының "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Заңына сәйкес Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы _____ ауданы бойынша Алматы қаласының аумағында орналасқан, құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссия **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. _____ мекен-жайы бойынша, _____ аудан орналасқан жылжымайтын мүлік _____

(СТН _____) жария етілсін.

2. Жария етілген жылжымайтын мүлік заңда белгіленген тәртіпке сәйкес 2007 жылғы 1 сәуірге дейін тіркеуден өткізілуі тиіс.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия хатшысы: _____

Комиссия мүшелерінің аты-жөндері мен қолдары:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

7. _____

Алматы қаласы әкімдігінің

2006 жылғы 3 тамыздағы

№ 5/989 қаулысымен бекітілген

"Бекітемін"»

А л м а т ы

қ а л а с ы н ы ң

_____ ауданы бойынша

к о м и с с и я т ө р а ғ а с ы

_____ (а т ы - ж ө н і , қ о л ы)

2006 жылғы " ____ "» _____

**Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы _____
ауданы бойынша Алматы қаласының аумағында орналасқан,
құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
ресімделмеген жылжымайтын мүлікті жария етуді
жүргізу жөніндегі комиссия мәжілісінің
№ _____ ХАТТАМАСЫ**

Төрағалық етуші: _____

Комиссияның мүшелері қатысты: _____

_____ К ү н т ә р т і б і :

_____ Ш е ш і м :

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия хатшысы: _____

Комиссия мүшелерінің аты-жөндері мен қолдары: 1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

7. _____

Алматы қаласы әкімдігінің
2006 жылғы 3 тамыздағы

№ 5/989 қаулысымен бекітілген

Жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияға келіп түскен өтініштерді есепке алу журналы

№№	Қоса тіркелген құжаттарымен бірге өтініш берілген күн	Өтініш берушінің аты-жөні немесе атауы	Өтініш берушінің тұрғылықты жері немесе заңды мекен-жайы	Жария етілетін мүліктің атауы	Жария етілетін мүліктің құны	Жария ету үшін төленген алым сомасы	Комиссияның шешімі	Шешімді берген күн	Шешімді алдым (аты-жөні, қолы)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Алматы қаласы әкімдігінің
2006 жылғы 3 тамыздағы № 5/989
қаулысымен бекітілген

**Жылжымайтын мүлікті жария етуге ұсынылған құжаттардың
№ _____ тізілімі**

Берілген құжаттардың тізімі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

Құжаттардың саны _____ (_____)

Құжаттардағы беттердің саны _____ (_____)

Маман _____

(аты-жөні) қолы

2006 жылғы «" _____"» _____

Мен, _____

(өтініш берушінің аты-жөні)

жылжымайтын мүлікті жария ету үшін берілген 2006 жылғы _____ N _____

_____ өтініш пен құжаттарды қабылдап алғаны туралы қолхатты шын мәнінде

алдым, сондай-ақ **жария етуге ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің**

дұрыстығы мен толықтығына жауап беремін және:

1) маған (мен өкілі болып табылатын заңды тұлғаға) қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-193, 218, 221, 222 баптарында аталған қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық іс қозғалмағанын;

2) мен (мен өкілі болып табылатын заңды тұлға) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-193, 218, 221, 222 баптарында аталған қылмыстар жасағаны үшін сотталмағанымды;

3) мен (мен өкілі болып табылатын заңды тұлға) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 118, 120, 143, 154, 155 (бірінші бөлігі), 178, 179, 182, 185, 189, 205-209, 237, 239, 253, 357-2 баптарында аталған әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа т а р т ы л м а ғ а н ы м д ы ;

4) жария етуге құжаттары берілген жылжымайтын мүлік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, жеке тұлғаға, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне, меншікке, мемлекеттік қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығы мен имандылыққа қарсы жасалынған қылмыстардың нәтижесінде алынбағанын;

5) мен жария ету үшін құжаттар ұсынып отырған жылжымайтын мүлікке

құқықтар сот тәртібімен дауланып жатпағанын;

б) Қазақстан Республикасының заңдарында құқық берілмейтін жылжымайтын мүлікті жария етпейтінімді растаймын.

Өтініш беруші _____ 2006 жылғы "___" _____

(аты-жөні) қолы

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң

2006 жылғы 3 тамыздағы

№ 5/989 қаулысымен бекітілген

Жылжымайтын мүлікті жария ету үшін

ұсынылған құжаттарды алғаны туралы

№ _____ қолхат

Құжаттар ұсынған өтініш беруші _____

(аты-жөні)

Берілген құжаттардың тізімі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____

Құжаттардың саны _____ (_____)

Құжаттардағы беттердің саны _____ (_____)

Маман _____

(аты-жөні)

қолы

2006 жылғы "___"» _____

Жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның шешімін табыстаған күн 2006 жылғы "___"» _____

Ескерту: Құжаттардың түпнұсқасы жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі комиссияның шешімін табыстаған уақытта кері қайтарылуы тиіс.